

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Карбозов А.К.
20.03 ж.

АПТАЛЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Жалпы ереже

Ереже топтамалық әдістемелік комиссия пәндері бойынша өтетін апталықтың мақсаттары мен міндеттерін, үйымдастыру мен өткізу тәртібін, оның әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін, апталыққа қатысуышыларын, жауаптыларын, апталықтың қорытындыларын шыгару және марапатталуын белгілейді.

Пәндік апталықтың негізгі мақсаты - теориялық және өндірістік оқыту сабактарында алған білімдерді терендешу және бекіту, білім алушыларды таңдаған мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру.

Пәндік апталық - сабактағы оқу қызметінің формасы, білім алушылардың кәсіптік қабілеттерін дамыту және ой қабілеттерін ашуына бағытталған, оқытудың тиімді құралы.

Пәндік апталықта өткізілетін іс-шаралар, білім алушыларға өзін тануға бағдар береді, табысты көру, білім алушылардың арасында тұрақтану, пәнге, таңдаған мамандықтарына деген қызығушылығын көтеру, барлық білім алушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға көмек береді. Топтамалық әдістемелік комиссия апталығы жоспарға сәйкес өткізіледі.

Пәндік апталықта өткізілетін ашық сабактар мен сыныптан тыс - іс шараларда тәмендегі талаптар ескеріледі:

- Апталық жоспарын әдістемелік кеңесте талқылау;
- Апталық жоспарды әзірлеу және бекіту;
- Апталықты өткізу үшін іс - шараларды талапқа сай дайындау;
- Пәндік апталықты жоспарға сәйкес өткізу;
- Өткізілетін іс-шараларды ТӘК отырысында талдау, талқылау;
- Әдістемелік кеңесте ережесін бекіту;
- Апталық жоспарында пәндер бойынша ашық сабактар, сыныптан тыс іс – шаралар, мамандық бойынша үздік маман байқауларын үйымдастыру;
- Білім алушылардың білім деңгейі;
- Пәнаралық және пән ішілік байланыстарды қосу;

- Сабактарда, сыныптан тыс іс - шараларда көрнекі құрал-жабдықтарды тиімді пайдаланып отыру, инновациялық технологияны шығармашылықпен қолдану;
- Сабактың мақсаты мен міндептінің қойылуы;
- Білім алушылардың зейінін жаңа тақырыпқа тарту;
- Жаңа материалды игерудің әдіс- тәсілдері;
- Сабакта проблемалық мәселені қоя білу;
- Ұжымдық, жекелеп, саралап, оқытууды ұйымдастыру;
- Білім алушының өз бетімен жұмыс істеу қабілеті;
- Сабактың ғылыми негізде меңгерілуі, түсінуге оңайлығы, оңтайлығы, жүйелігі;
- Оқытушының өзіндік іздептесі;
- Білім алушылар сабакқа белсене қатысып, өзіндік атқарылатын жұмыстармен, үлестірмелі тапсырмалармен жақсы жұмыс жасуы;
- Білім алушылардың білім, білік дағдыларын бағалау.

Жауапкершілік

Апталықтың жоспарға сәйкес өтуі пән оқытушылары мен ТӘК төрайымдарының жауапкершілігінде болады.

Ашық сабактар мен сыныптан тыс іс – шараның жоспар кестесіне сәйкес өткізуін қадағалау директордың оку –ісі жөніндегі орынбасары Крыжанова И.В., директордың оку –өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Жайлаубаева Г.М., әдіскер Жиенбаева С.А. жүктеледі.

Апталық жоспары ТӘК отырысында талқыланып, әдістемелік кеңесте бекітүге ұсынылады.

Апталықтың қорытындыларын шығару

Қорытынды апталық өткеннен кейін шығарылады. Ашық сабак, сыныптан тыс іс – шараға белсенді қатысқан жеңімпаздар колледж директорының мадақтамасымен апталықтың қорытынды жабылуында марапатталады.